Қазақстан Республикасы
экология және табиғи
ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМК

# 2025 жылғы маусым айына
# АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ



Астана 2025 жыл.

# Мазмұны

Алғы сөз........................................................................................................................................ 4

Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес маусым айының қысқаша климаттық сипаттамасы …................................................................................................................ 5

Маусым айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні (кесте)....................................................................................... 7

2025 жылдың маусым айында күтілетін орташа айлық температурасының нормадан ауытқуы...................………..……………................................ 8

Маусым айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма) …………..………………..……...............………………...…..................... 8

2025 жылдың маусым айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы ………………………………........................ 9

Маусым айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма) ………………..………………………...….......................................... 9

2025 жылы Қазақстан аймақтары бойынша маусым айында күтілетін орташа ауа температурасы …...…………………………………………………................... 10

Ауа райының облыстар бойынша графигі ……......…………………………………………….......................... 11

2025 жылдың маусым айына облыстар бойынша консультативтік ауа райы болжамы ……………………….....…………………………………...……………………... 12

Батыс Қазақстан облысы …..……………………………………………………………........................... 13

Атырау облысы …………………………….......................................................................................... 14

Маңғыстау облысы ...………………………………………………………………………………….... 15

Ақтөбе облысы ………………………………………………………………….................................. 16

Қостанай облысы ………………….....……………...…………………………….............................. 17

Солтүстік Қазақстан облысы…………………………………………………………........................... 18

Ақмола облысы ………......……………………………………………………………………………..... 19

Павлодар облысы …………………………………………………………................................................ 20

Ұлытау облысы …………………………….......................................................................................... 21

Қарағанды облысы ...………………………………………………………………………………………… 22

Абай облысы ....……………………………………………………………………………………….... 23

Шығыс Қазақстан облысы ..………………...………………………………………………………… 24

Қызылорда облысы ...……………………………………………………………………........................... 25

Түркістан облысы …………………….....……………………………………………………………. 26

Жамбыл облысы ……………………………........................................................................................ 27

Алматы облысы ...…………………………………………………………………………………….... 28

Жетісу облысы ....……………………………………………………………………………………… 29

**Алғы сөз**

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ болжамды айдың қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

*Бір айға арналған ауа райы болжамы консультативтік сипатқа ие. Ауа райының күнделікті өзгеру бағытында 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сондай-ақ күнделікті ауа температурасының ($\pm 5^0C$) мәндерінің де, ауа райының атмосфералық құбылыстарының да ауытқуы мүмкін екенін ескеру қажет. Бір айға арналған ауа райы болжамы айдың 30-31, 10, 20 күндерінде онкүндікке арналған болжамдармен нақтыланады.*

Бір айға арналған ауа райы болжамының шығуымен және оларды нақтылаумен байланысты барлық мәселелер жөнінде мына мекенжай бойынша Гидрометорталыққа хабарласуға болады:
Астана қ., Мәңгілік Ел көшесі 11/1.

Гидрометорталықтың директоры:
М. Шмидт, тел. (7172) 79-83-87.

Ауа райын ұзақ мерзімге болжау басқармасының басшысы:
Ж.Қ. Исабекова, тел. (7172) 79-83-95.

Құрастырған - АРҰМББ 2 санатты инженер-синоптигі:
Саркулова А, тел. (7172) 79-83-95.

АРҰМББ жетекші инженері:
А. Шартакбаева, тел. (7172) 79-83-95.

**Гидрометорталық директоры** **М. Шмидт**

**АРҰМББ басшысы** **Ж. Исабекова**

**Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес маусым айының қысқаша климаттық сипаттамасы**

Маусым айында күннің жарық уақыты ұзаққа созылады. Маусымда республикамыздың барлық аумақтарында жаздық ауа райы басталады.

Мамырдан маусымға қарай ауаның орташа айлық температурасы +8+9°С, таулы аудандарда +3+4°С-қа жоғарылайды және республиканың солтүстігінде +19+24°С-тан, оңтүстігіне қарай +27+30°С-қа дейін болады. Бедердің ықпалынан оңтүстік-шығыс пен шығыстағы таулы аудандарда жоғарылаған сайын ауаның температурасы теңіз деңгейімен 1000-1500 м биіктікте +11+15°С -тан 3000 м биіктікте 5°С-қа дейін төмендейді.

Маусым айында ауаның орташа айлық температурасы тұрақтылығымен ерекшеленеді және оның мөлшерден ауытқуы 5-7°С-тан аспайды.

Ауаның орташа тәуліктік температурасы мамыр айымен салыстырғанда жоғарылау қарқындылығы азая бастайды, бір тәулікте орта есеппен алғанда 0,1°С-қа жоғарылайды. Ауаның орташа тәуліктік температурасының 20°С арқылы тұрақты өтуі республиканың көптеген бөлігінде маусым айында басталады, тек қиыр оңтүстікте мамырда, қиыр солтүстікте - шілденің бірінші онкүндігінде байқалады.

Маусым айына ауаның жоғары тәуліктік ауытқуы тән. Қазақстанның оңтүстік аудандарында ол +17+19°С, солтүстік облыстарында +13+15°С, таулы аудандарында +10°С-ты құрайды.

Ауаның жоғары орташа тәуліктік температурасына қарамастан, маусым айында әлі де болса 5°С-қа дейін үсік болуы мүмкін. Ең кеш үсік мамыр айының үшінші онкүндігінде солтүстік облыстарда және орташа таулы аймақтарда 10 жылда 1-2 рет байқалуы мүмкін.

Қазақстанның солтүстік жартысында суық ұзаққа (7-8 күн) созылып, ең төменгі температура +1+6°С, ал ең суық жылдары -1-5°С, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының кей жерлерінде -7°С-қа дейін төмендейді. Республиканың оңтүстігінде әдетте суық күндер ұзақтығы аздау (1-2 күн) болып, ең төмен температура +6+10°С-қа дейін төмендейді.

Абсолюттік максимум республиканың солтүстік бөлігінде +37+42°С, оңтүстігінде +43+47°С-қа жеткен.

Маусым айына жауын-шашын солтүстік облыстарда көбірек, оңтүстікте аздау жаууы тән. Жауын-шашынның айлық мөлшері республиканың солтүстік жартысында, оңтүстік пен оңтүстік-шығыстың тау бөктерінде 23-50 мм, кей аудандарында 51-81 мм, ал шығыс пен оңтүстік-шығыстың тауларында 87-200 мм және одан көп, қалған жерлерде 6-22 мм жаууы мүмкін.

Маусым айында жаңбыр көбінесе нөсер түрінде жауады. Жауын-шашынның ең көп мөлшері тәулік ішінде Қазақстанның солтүстік бөлігінде 60-95 мм, оңтүстігінде 35-70 мм, тау бөктерлері мен таулы аудандарда 71-151 мм болады. Республиканың таулы және солтүстік аудандарында 10-15 жылда 1 рет қар жаууы мүмкін.

Құрғақшылық жылдар (1 айда жауған жауын-шашынның мөлшері 10 мм дейін) солтүстік облыстарда 10 жылда 1 рет, ал оңтүстіктегі жазық аудандарда жауынның болмауы 3 жылда 1 рет қана байқалуы мүмкін. Құрғақшылық Қазақстанның батыс және оңтүстік облыстарында өте жиі болады.

Аумақтың көп бөлігінде шаңды дауыл саны орта есеппен айына 1-ден 9-ға дейін, кейбір құрғақ жылдары 15-тен 20 күнге дейін ауытқиды. Шаңды дауыл көбіне Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарында, Атырау облысының солтүстігінде, Ақтөбе облысының батысында, сонымен қатар ұсақ шоқының солтүстігі мен Ертіс маңындағы ойпаңда жиі байқалады.

Желдің орташа жылдамдығы Қазақстанның көптеген облыстарында 4-тен 6 м/с-қа дейін жетеді. Қарқынды циклондық әрекет кезінде Қазақстанда желдің ең жоғары күші 24-34 м/с (10 жылда 1-2 рет) дейін жететін дауыл болуы мүмкін. Кей жылдары Іле өзенінің алқабында (Шелек стансасы) желдің ең жоғарғы күші 40 м/с-қа дейін жететін дауыл байқалуы мүмкін.

Маусым айында найзағай күркіреуі күшейеді. Қазақстанның тау бөктерлі және таулы аудандарында, сонымен қатар еліміздің солтүстік облыстарында күн орта есеппен 5-9, кейбір жылдары одан екі есе көп күркірейді. Шөлді аудандарда ол сирек, орта есеппен 1-2, ең көп дегенде 5-6 күн болады. Күн күркіреуінің орташа ұзақтығы Қазақстан аумағы бойынша 1-2,5 сағатқа созылуы мүмкін.

Бұршақ - сирек құбылыс: оңтүстік пен оңтүстік-шығыстың шөлді аудандарында 10 жылда 1-2 рет байқалады. Солтүстік облыстарда 10 жылда 5-7-ден көп, ал тауларда айдың ішінде 3 күндей жауады. Бұршақтың диаметрі кейбір жылдары (10-15 жылда 1 рет) 30 мм-ге, қиыр оңтүстік-шығыста 70 мм дейін жетеді.

**Маусым айында ҚР бойынша ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәндері (норма 1991-2020 жж.)**

| Облыс | Ауа температурасы,°С | Жауын-шашын мөлшері, мм |
|---|---|---|
| Батыс Қазақстан облысы | +20,5...+23,9 | 17...39 |
| Атырау облысы | +23,6...+25,5 | 13...28 |
| Маңғыстау облысы | +23,5...+27,4 | 8...20 |
| Ақтөбе облысы | +18,9...+24,7 | 11...32 |
| Қостанай облысы | +18,3...+23,0 | 12...55 |
| Солтүстік Қазақстан облысы | +17,7...+19,0 | 37...49 |
| Ақмола облысы | +17,2...+20,1 | 24...50 |
| Астана қаласы | +19,6 | 40 |
| Павлодар облысы | +18,8...+20,3 | 34...48 |
| Ұлытау облысы | +20,1...+24,4 | 7...27 |
| Қарағанды облысы | +17,6...+23,4 | 13...43 |
| Абай облысы | +17,6...+22,9 | 17...42 |
| Шығыс Қазақстан облысы | +12,7…+21,8 | 20…78 |
| Қызылорда облысы | +25,4…+27,4 | 4…12 |
| Түркістан облысы | +15,0…+27,9 | 4…53 |
| Шымкент қаласы | +24,4 | 24 |
| Жамбыл облысы | +19,7...+25,4 | 8...41 |
| Алматы облысы | +6,5...+24,5 | 10...155 |
| Алматы қаласы | +22,1 | 59 |
| Жетісу облысы | +16,2…+23,9 | 11…83 |

## 2025 жылғы маусым айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық мөлшерден ауытқуы

**Маусым** айында ауаның орташа температурасы республиканың басым бөлігінде *норма шамасында*, Атырау, Маңғыстау облыстарында, Батыс Қазақстан облысының басым бөлігінде, Ақтөбе, Қызылорда, Түркістан облыстарының оңтүстік-батысында *нормадан 1° жоғары* болады деп күтілуде.

**2025 жылдың маусым айында күтілетін орташа ауа температурасының нормадан ауытқуы**




**Маусым айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма: 1991-2020 жж.)**



# 2025 жылдың маусым айындағы күтілетін жауын-шашын мөлшерінің ауытқуы

**Маусым** айында жауын-шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде *нормадан аз,* Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарында, Батыс Қазақстан, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Абай облыстарының басым бөлігінде, Атырау облысының батысында, Қарағанды облысының солтүстік-шығысында *норма шамасында* болжанады.

**2025 жылдың маусым айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы**




**Маусым айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма: 1991-2020 жж.)**



## 2025 жылғы маусым айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы

Ауаның орташа айлық температурасы республиканың басым бөлігінде +21+28°С, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар облыстарында, Абай және Қарағанды облыстарының басым бөлігінде, Қостанай облысының солтүстігінде, Шығыс Қазақстан облысының солтүстік жартысында +17+20°С, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жетісу облыстарының таулы, тау бөктеріндегі аудандарында +10+16°С дейін күтіледі.

**2025 жылдың маусым айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы**




## Жыл-аналогы 2020 жыл

# Облыстар бойынша маусым айына ауа райы кестесі

## Батыс Қазақстан облысы



## Атырау облысы



## Маңғыстау облысы



## Ақтөбе облысы



## Қостанай облысы



## Солтүстік Қазақстан облысы



## Ақмола облысы



## Павлодар облысы



## Қарағанды облысы



## Ұлытау облысы



## Абай облысы




## Шығыс Қазақстан облысы




## Қызылорда облысы




## Түркістан облысы




## Жамбыл облысы




## Алматы облысы




## Жетісу облысы




**Шартты белгілер:**



## Қазақстан облыстары бойынша 2025 жылғы маусым айына консультативтік ауа райы болжамы

### Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +21,3+24,9°С күтіледі, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары,* ал облыстың солтүстік-шығысында *норма шамасында* болады деп күтілуде (норма: +20,5+23,9°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* +10+15°С-тан +17+22°С-қа дейін, *күндіз* +36+31°С-тан +31+36°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* +17+22°С-тан +11+16°С-қа дейін, *күндіз* +31+36°С, облыстың оңтүстігіне +39°С-тан +25+30°С-қа дейін ауытқуы күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +17+22°С, облыстың оңтүстігінде +27°С-тан +9+14°С, облыстың солтүстігінде +5°С-қа дейін, *күндіз* +31+36°С-тан 21+26°С-қа дейін болжанады. Айдың соңында ауа температурасы түнде +9+14°С, облыстың солтүстігінде +5°С-тан +14+19°С-қа дейін, күндіз +21+26°С-тан +26+31°С-қа дейін ауытқиды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, ал облыстың шығысында *нормадан аз* болады деп күтіледі (норма: 17-39 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің екінші жартысында күтіледі. Жел 15-20 м/с бір ай бойы жиі күтіледі. Шаңды дауыл айдың екінші жартысында жиі күтіледі.



## Атырау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +24,6+26,3°С күтілуде, бұл *нормадан 1° жоғары* (норма: +23,6+25,5°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +13+18°С-тан +18+23°С-қа дейін, *күндіз* +27+32°С-тан +32+37°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +19+24°С, облыстың оңтүстігінде +15°С-тан +13+18°С, облыстың шығысында +10°С-қа дейін, *күндіз* +35+40°С-тан +29+34°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +10+15°С, *күндіз* +28+33°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін, ауа температурасы *түнде* +10+15°С-тан +15+20°С-қа дейін, *күндіз* +22+27°С-тан +29+34°С-қа дейін ауытқиды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облысытың басым бөлігінде *нормадан аз*, ал облыстың батысында *норма шамасында* күтілуде (норма: 13-28 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, жел 15-20 м/с бірінші және екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында болжанады.



**Маңғыстау облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +24,1+28,2°С күтілуде, бұл *нормадан 1° жоғары* (норма: +23,5+27,4°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +19+24°С-тан +14+19°С, облыстың оңтүстігінде +21°С-қа дейін, *күндіз* +33+38°С, облыстың батысында +25°С-тан +28+33°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін, ауа температурасының *түнде* +20+25°С, *күндіз* +32+37°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +21+26°С, облыстың оңтүстігінде +29°С-тан +16+21°С-қа дейін, *күндіз* +35+40°С-тан, +30+35°С, облыстың солтүстігінде +38°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +21+26°С-тан +12+17°С, облыстың батысында +22°С-қа дейін, *күндіз* +35+40°С-тан +26+31°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің сонында ауа температурасының *түнде* +17+22°С, *күндіз* +31+36°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* күтіледі (норма: 8-20 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Жел 15-20 м/с бір ай бойы жиі күтіледі.



## Ақтөбе облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +19,7+25,3°С күтілуде, бұл облыстың батысында, оңтүстігінде *нормадан 1°С жоғары*, ал облыстың солтүстігінде, шығысында *норма шамасында* (норма: +18,9+24,7°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының +13+18°С, облыстың оңтүстігінде +22+27°С-тан +8+13°С, облыстың батысында +16+21°С-қа дейін, *күндіз* +31+36°С, облыстың оңтүстігінде +41°С-тан +26+31°С, облыстың солтүстігінде +18+23°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* +13+18°С-тан +8+13°С, облыстың оңтүстігінде +16°С-қа дейін, *күндіз* +32+37°С-тан +26+31°С, облыстың солтүстігінде +22°С-қа дейін ауытқиды.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +13+18°С-тан +6+11°С-қа, *күндіз* +31+36°С-тан +22+27°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Содан соң, ауа температурасының *түнде* +6+11°С-тан +11+16°С-қа дейін, *күндіз* +22+27°С-тан +27+32°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* күтіледі (норма: 11-32 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің басында және ортасында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с бір ай бойы жиі күтіледі. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің соңында болжануда.



**Қостанай облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +18,9+23,4°С күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +18,3+23,0°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +17+22°С-тан +8+13°С-қа дейін, *күндіз* +28+33°С-тан +20+25°С, облыстың солтүстігінде +17°С-қа дейін төмендеу күтіледі. Содан соң, ауа температурасының *түнде* +17+22°С-қа дейін, *күндіз* +28+33°С, облыстың оңтүстігінде +36°С-қа дейін жоғарылауы күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +7+12°С, облыстың солтүстігінде +3°С-қа дейін, топырақ бетінде үсік 1°С-қа дейін, *күндіз* +19+24°С, облыстың оңтүстігінде +27°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасы *түнде* +7+12°С-тан +13+18°С-қа дейін, *күндіз* +19+24°С, облыстың оңтүстігінде +27°С-тан +25+30°С-қа дейін ауытқиды.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +13+18°С, облыстың солтүстігінде +8°С-тан +4+9°С, облыстың оңтүстігінде +15°С-қа дейін, *күндіз* +25+30°С, облыстың солтүстігінде +19°С-тан +16+21°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Содан соң – ауа температурасы *түнде* +9+14°С, облыстың солтүстігінде +4°С, *күндіз* +21+26°С, облыстың оңтүстігінде +33°С-қа дейін жоғарылайды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* күтіледі (норма: 12-55 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші және екінші онкүндіктердің басында, жиі үшінші онкүндікте күтіледі. Бұршақ үшінші онкүндіктің ортасында болуы ықтимал. Жел 15-20 м/с бір ай бойы жиі күтіледі. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің соңында болжануда.



## Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +17,8+18,8°С күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +17,7+19,0°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +15+20°С-тан +4+9°С, топырақ бетінде үсік 1°С-қа дейін, *күндіз* +29+34°С, облыстың солтүстігінде +25°С-тан +18+23°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін, ауа температурасының *түнде* +15+20°С, *күндіз* +29+34°С-қа дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* +15+20°С-тан +4+9°С, топырақ бетінде үсік 1°С-қа дейін, *күндіз* +29+34°С-тан +18+23°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан соң, ауа температураның *түнде* +4+9°С-тан +9+14°С-қа дейін, *күндіз* +18+23°С-тан +25+30°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндіктің ауа температурасының *түнде* +9+14°С-тан +4+9°С-қа дейін, *күндіз* +23+28°С-тан +18+23°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде +15+20°С-тан +11+16°С-қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында,* ал облыстың батысында *нормадан аз* деп күтілуде. (норма: 37-49 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің екінші жартысында күтіледі. Жел 15-20 м/с бір ай бойы жиі күтіледі. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін.



**Ақмола облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +17,3+20,5°С деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +17,2+20,1°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +15+20°С-тан, +5+10°С-қа дейін, *күндіз* +29+34°С-тан +19+24°С, облыстың солтүстігінде +15°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін, ауа температураның біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* +15+20°С, облыстың солтүстігінде +10°С-тан +4+9°С, топырақ бетінде үсік 1°С, облыстың оңтүстігінде +12°С-қа дейін, *күндіз* +29+34°С-тан +18+23°С, облыстың солтүстігінде +13°С-қа дейін к8рт төмендеуі күтіледі. Содан кейін, ауа температурасының *түнде* +4+9°С-тан +9+14°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +12°С-тан +16°С-қа дейін, *күндіз* +18+23°С, облыстың солтүстігінде+13°С-тан +23+28°С, облыстың солтүстігінде +17°С-қа дейін ауытқуы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температураның жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +10+15°С-тан +4+9°С-қа дейін, *күндіз* +26+31°С-тан +18+23°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Айлық жауын-шашын мөлшері облыстың көп бөлігінде *норма шамасында*, ал батыс бөлігінде нормадан аз күтіледі (норма: 24-50 мм).

Өткінші жаңбыр мен найзағай бірінші онкүндіктің басында, екінші және үшінші онкүндіктерде жиі болады деп күтіледі. Ай ортасында бұршақ жаууы мүмкін. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



## Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +18,7+20,4°С деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +18,8+20,3°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде +15+20°С-тан +5+10°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде +12°С-тан +2°С-қа дейін, жер бетінде үсік +1°С болады, күндіз +29+34°С-тан, облыстың солтүстігінде +24°С-тан +15+20°С-қа дейін төмендейді. Кейін ауа температурасының біртіндеп көтерілуі күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының одан әрі *түнде* +15+20°С, облыстың шығысында +12°С, *күндіз* +29+34°С дейін көтерілуі болжанады. Содан соң температураның *түнде* +3+8°С, *күндіз* +15+20°С-қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы қайта көтерілуі мүмкін.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде +13+18°С-тан +8+13°С-қа дейін, күндіз +27+32°С-тан +20+25°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Айлық жауын-шашын мөлшері норма шамасында болуы ықтимал (норма: 34-48 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, 15-20 м/с жел ай ішінде жиі күтіледі.



**Ұлытау облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +20,4+24,6°С деп күтілуде, бұл *норма шамасында*. (норма: +20,1+24,4°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +15+20°С-тан +7+12°С-қа дейін, *күндіз* +34+39°С-тан +25+30°С-қа дейін, облыстың шығысында +31°С-тан +19°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +16+21°С-тан +7+12°С-қа дейін, *күндіз* +34+39°С-тан +23+28°С-қа дейін, облыстың шығысында +30°С-тан +17°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Кейін температураның *түнде* +7+12°С-тан +12+17°С-қа дейін, *күндіз* +23+28°С-тан +28+33°С-қа дейін, облыстың шығысында +17°С-тан +20+25°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* +7+12°С-тан +17+22°С-қа дейін, *күндіз* +23+28°С-тан +29+34°С-қа дейін ауытқиды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* болуы ықтимал. (норма: 7-27 мм)

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің екінші жартысында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



**Қарағанды облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +18,0+23,6°С деп күтілуде, бұл *норма шамасында*. (норма: +17,6+23,4°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +15+20°С-тан, облыстың солтүстігінде +10°С-тан +5+10°С-қа дейін, солтүстікте +1°С-қа дейін төмендеуі күтіледі, топырақ бетінде 1°С дейін үсік болуы мүмкін, ал облыстың оңтүстігінде +15°С болады, *күндіз* +33+38°С-тан, солтүстікте +29°С-тан +19+24°С-қа дейін төмендейді. Кейін ауа температурасының *түнде* +12+17°С-қа дейін, солтүстікте +6°С-қа дейін, *күндіз* +30+35°С-қа дейін, солтүстікте +20°С-қа дейін көтерілуі күтіледі.

Екінші онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде* +6+11°С-қа дейін, оңтүстікте +18°С, *күндіз* +20+25°С-қа дейін, солтүстікте +14°С, оңтүстікте +30°С біртіндеп төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының одан әрі жоғарылауы болжанады: *түнде* +12+17°С, солтүстікте +5°С, *күндіз* +28+33°С, солтүстікте +20°С. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* +12+17°С-тан, солтүстікте +5°С-тан +6+11°С-қа дейін, оңтүстікте +15+20°С-қа дейін, *күндіз* +28+33°С-тан +20+25°С-қа дейін, солтүстікте +20°С-тан +15°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан аз,* ал солтүстік-шығысында *норма шамасында* болады деп күтіледі (норма: 13-43 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің басында, екінші және үшінші онкүндіктерде жиі күтіледі. Жел 15-20 м/с ай бойы жиі болжануда. Шаңды дауыл айдың соңында болжанады.



## Абай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +17,8+23,2°С деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +17,6+22,9°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* +13+18°С-тан +5+10°С-қа дейін төмендейді, облыстың шығысында +10°С-тан +1°С-қа дейін, жер бетінде 1°С дейін үсік болуы мүмкін, *күндіз* +33+38°С, оңтүстік-шығыста +28°С-тан +19+24°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде +27°С дейін төмендейді. Кейін температураның *түнде* +8+13°С-қа дейін, *күндіз* +23+28°С көтерілуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* +12+17°С-тан, облыстың шығысында +6°С-тан +6+11°С-қа дейін, *күндіз* +28+33°С-тан +20+25°С-қа дейін, облыстың батысында +19°С-тан +13°С-қа дейін төмендейді.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* +6+11°С-тан +12+17°С-қа, облыстың шығысында +8°С-қа дейін ауытқиды, күндіз +20+25°С-тан +30+35°С-қа дейін, облыстың батысында +13°С-тан +22°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында,* облыстың оңтүстігінде *нормадан аз* күтіледі (норма:17-42 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, 15-20 м/с жел ай бойы жиі болжанады. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің ортасында болжануда.



## Шығыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +12,7+22,0°С деп күтілуде, бұл *норма шамасында*. (норма: +12,7+21,8°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +12+17°С-тан +5+10°С-қа дейін, *күндіз* +30+35°С-тан +11+16°С-қа дейін төмендеуі, облыстың оңтүстігінде *түнде* +24°С-тан +16°С-қа дейін, *күндіз* +38°С-тан +19°С-қа дейін, таулы аймақтарда *түнде* +4+9°С-тан +1°С-қа дейін, топырақ бетінде +2°С аязға дейін, *күндіз* +20+25°С-тан +8°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Алғашқы онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде* +8+13°С-тан, *күндіз* +20+25°С-қа дейін біртіндеп көтерілуі күтілуде.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының одан әрі *түнде* +12+17°С, облыстың оңтүстігінде +22°С, *күндіз* +28+33°С-қа дейін, таулы аймақтарда *түнде* +6°С, *күндіз* +21°С-қа дейін көтерілуі күтілуде. Екінші онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* +7+12°С, облыстың оңтүстігінде +18°С, *күндіз* +15+20°С, таулы аймақтарда *түнде* +2°С, *күндіз* +9°С-қа дейін төмендеуі күтілуде.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +15+20°С, таулы аймақтарда +7°С, *күндіз* +27+32°С, таулы аймақтарда +23°С-қа дейін көтерілуі күтілуде. Кейін ауа температурасының *түнде* +10+15°С, *күндіз* +22+27°С, таулы аймақтарда +15°С-қа дейін төмендеуі күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* күтілуде. (норма: 20-78 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, 15-20 м/с жел ай бойы жиі болжанады. Бұршақ бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің соңында болжануда.



**Қызылорда облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +26,2+28,8°С деп күтілуде, бұл облыстың көп бөлігінде *норма шамасында,* ал облыстың оңтүстік-батыс бөлігінде *нормадан 1° жоғары* (норма: +25,4+27,4°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +20+25°С-тан +15+20°С-қа дейін, облыстың батысында +17°С-тан +12°С-қа дейін, *күндіз* +39+44°С-тан, облыстың солтүстігінде +36°С-тан +32+37°С-қа дейін біртіндеп төмендейді деп күтіледі. Онкүндіктің соңында – ауа температурасының жоғарлауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы ары қарай да *түнде* +20+25°С, облыстың солтүстігінде +17°С, *күндіз* +38+43°С-қа дейін көтеріледі. Кейін ауа температурасы *түнде* +20+25°С-тан +13+18°С-қа дейін, *күндіз* +38+43°С-тан +29+34°С-қа дейін ауытқиды.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* +17+22°С-тан, облыстың солтүстік-шығысында +12°С-тан, +10+15°С-қа дейін, *күндіз* +33+38°С-тан, облыстың солтүстігінде +28°С-тан +26+31°С-қа дейін төмендейді.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* күтіледі (норма: 4-12 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Дауыл-бірінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Жел 15-20 м/с ай бойы жиі күтіледі. Шаңды дауыл әр онкүндіктің ортасында болжанады.



**Түркістан облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +16,0+28,2°С деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың оңтүстік-батысында *нормадан 1° жоғары* (норма: +15,0+27,9°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +17+22°С-тан +10+15°С-қа дейін, *күндіз* +37+42°С-тан +32+37°С-қа дейін, таулы аймақтарда +25+30°С-тан +16+21°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Кейін ауа температурасының жоғарылауы күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде +15+20°С-тан +8+13°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +25°С-тан +18°С-қа дейін, күндіз +37+42°С-тан +30+35°С-қа дейін, таулы аймақтарда +23+28°С-тан +17+22°С-қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +17+22°С-қа дейін, таулы аймақтарда +12°С, облыстың оңтүстігінде +25°С-қа дейін, *күндіз* +35+40°С, таулы аймақтарда +22+27°С-қа дейін көтерілуі күтілуде. Кейін ауа температурасының *түнде* +17+22°С-тан +11+16°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +25°С-тан +20°С-қа дейін, *күндіз* +35+40°С-тан +25+30°С-қа дейін, таулы аймақтарда түнде +12°С-тан +5°С-қа дейін, күндіз +22+27°С-тан +15+20°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* күтіледі. (норма: 4-28, таулы аудандарында 16-53 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің соңында, екінші және үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Жел 15-20 м/с жиі бірінші онкүндікте, екінші және үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Шаңды дауыл бірінші және екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндікте жиі болжанады.



**Жамбыл облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +20,4+25,8°С деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +19,7+25,4°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +17+22°С-тан +11+16°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +25°С-тан +20°С-қа дейін, *күндіз* +35+40°С-тан +25+30°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +35°С-қа дейін төмендеуі күтілуде, таулы аймақтарда *түнде* +12°С-тан +8°С-қа дейін, *күндіз* +30°С-тан +19°С-қа дейін төмендеуі ықтимал.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +17+22°С, таулы аймақтарда +12°С-қа дейін, *күндіз* +33+38°С дейін жоғарылауы күтіледі. Кейін температураның *түнде* +10+15°С-қа дейін, күндіз +26+31°С, облыстың оңтүстігінде +34°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температураның жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +17+22°С-қа дейін, таулы аймақтарда +10°С, облыс орталығында +26°С, *күндіз* +33+38°С-қа дейін әрі қарай жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде* +17+22°С-тан +9+14°С-қа дейін, таулы аймақтарда +4°С-қа дейін, *күндіз* +33+38°С-тан +25+30°С-қа дейін, таулы аймақтарда +20°С шамасында төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының қайта жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* күтіледі. (норма: 8-37, облыстың таулы аудандарында 28-41 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің ортасында, жиі үшінші онкүндікте болжануда. Шаңды дауыл үшінші оңкүндіктің ортасында ықтимал.



**Алматы облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +7,1+24,8°С деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +6,5+24,5°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +12+17°С-тан +7+12°С-қа дейін, *күндіз* +30+35°С-тан +21+26°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде +40°С-тан +30°С-қа дейін, таулы аймақтарда +20+25°С-тан +7+12°С-қа дейін төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +7+12°С-тан +12+17°С-қа дейін, ал облыстың оңтүстігінде +22°С-қа дейін, *күндіз* +21+26°С-тан +30+35°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде +30°С-тан +38°С-қа дейін, таулы аймақтарда +7+12°С-тан +15+20°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі. Кейін ауа температурасының *түнде* +7+12°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +18°С-қа дейін, таулы аймақтарда +2°С дейін, топырақ бетінде 1°С-қа дейін үсік, *күндіз* +22+27°С дейін, облыстың оңтүстігінде +33°С дейін, таулы аймақтарда +13+18°С дейін төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +7+12°С-тан +12+17°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +18°С-тан +22°С-қа дейін, таулы аймақтарда +1°С-тан +5+10°С-қа дейін, *күндіз* +22+27°С-тан +28+33°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +33°С-тан +38°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* күтіледі (норма: 10-41, облыстың таулы аудандарында 49-155 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі болжанады. Шаңды дауыл бірінші онкүндік ортасында және соңында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің соңында ықтимал. Бұршақ айдың ортасында мүмкін.



## Жетісу облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +16,6+23,6°С деп күтілуде, бұл *норма шамасында* .(норма: +16,2+23,9°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +12+17°С-тан, облыстың оңтүстігінде +23°С-тан +7+12°С-қа дейін, таулы аймақтарда +7°С-тан +1°С-қа дейін, топырақ бетінде 2°С-қа дейін үсік, *күндіз* +32+37°С-тан, облыстың оңтүстігінде +40°С-тан +22+27°С-қа дейін, таулы аймақтарда +27°С-тан +18°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының көтерілуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының ары қарай да *түнде* +10+15°С-тан +14+19°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +23°С, таулы аймақтарда +7°С-қа дейін, *күндіз* +25+30°С-тан +32+37°С-қа дейін, таулы аймақтарда +28°С-қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде* +7+12°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +17°С, таулы аймақтарда +3°С-қа дейін, күндіз +22+27°С-қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +7+12°С-тан +15+20°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +17°С-тан +23°С-қа дейін, таулы аймақтарда +3°С-тан +6°С-қа дейін, күндіз +22+27°С-тан +29+34°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +37°С, таулы аймақтарда +26°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* күтіледі (норма: 11-27, облыстың таулы аудандарында 40-83 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Бұршақ – екінші онкүндіктің ортасында ықтимал. Тұман екінші онркүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі болжанады.



Қазақстан Республикасы
Астана қ-сы
Мәнгілік Ел к-сі 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.kz

Республика Казахстан
г.Астана
ул.Мангілік Ел 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.lz